

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

01 маусым 2017 жыл

KASE ресми тізімінің құрылымы өзгертілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) 2017 жылдың 01 маусымынан бастап Листингтік редакцияның жаңа редакциясы қолданысқа енгізілетіні туралы хабарлайды, жаңа редакция Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылдың 27 наурызындағы № 54 қаулысымен бекітілген, сондай-ақ 2017 жылдың 01 аусымынан бастап қолданысқа енгізілетін, Эмитенттер мен олардың, қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасының тізімінің кейбір санаттарына қойылатын талаптарының жаңа редакциясына сәйкес әзірленді.

"Аталмыш қаулыға сәйкес көрсетілген күннен бастап Биржаның ресми тізімінің құрылымы үш сауда-саттық алаңына бөлінеді, олар – "Негізгі", "Альтернативті" және "Аралас", сондай-ақ көрсетілген тізімге енгізу және осында болу үшін орнатылған листингтік талаптар да өзгереді", – деді өз сөзінде KASE Басқармасы Төрайымының орынбасары Наталья Хорошевская.

KASE ресми тізімінің жаңа құрылымының негізіне кішкене және орташа компаниялардың бағалы қағаздары үшін жеке сауда-саттық алаңын бөлу, сондай-ақ осындай компаниялар үшін тек заңнамада белгіленген шектерде ғана ақпараттар ашу бойынша талаптар қою бойынша халықаралық практикасы алынған. KASE осындай компаниялар үшін қосымша біржолғы "кіру" (өтінішті қарау үшін және кіру алымдары) листингтік алымдардың мөлшерін азайтты.

KASE ресми тізімін үш сауда-саттық алаңына бөлу мынадай мақсаттарды көздейді:

- 1) инвесторлардың, эмитенттердің және басқа да мүдделі тұлғалардың барлық санаттары үшін ресми тізімнің айқынырақ, ыңғайлырақ және түсініктірек құрылымын жасау;
- 2) жаңа эмитенттер мен инвесторларды тарту бойынша тиімдірек стратегиясы;
- 3) әр сауда-саттық алаңы үшін, эмитенттердің әр нақты тобының мұқтажы мен мүмкіншілігіне және инвесторлардың кейбір топтарының мүддесіне бағытталатын, жаңа қаржы құралдарын әзірлеу және енгізу.

Осыға байланысты, Биржаның ресми тізімінде тұрған бағалы қағаздар, қоулымен және Литсингтік ережелердің жаңа редакциясымен белгіленген, талаптарға (бұдан әрі – Листингтік талаптар) сәйкестігінен шыға отырып, жаңа санаттар және/немесе секторлар бойынша бөлінеді.

KASE ресми тізімінің жаңа құрылымына сәйкес бағалы қағаздар мен олардың эмитенттерінің Листингтік талаптарға сәйкестігі келесідей.

"Негізгі" сауда-саттық алаңы:

- 1) сегіз эмитенттің 10 атаудағы акциялары "Акциялар" секторының "Премиум" санаты үшін белгіленген Листингтік талаптарға сай;
- 2) 52 эмитенттің 65 атаудағы акциялары "Акциялар" секторының "Стандарт" санаты үшін белгіленген Листингтік талаптарға сай;
- 3) 51 эмитенттің 242 атаудағы облигациялары "Борыштық бағалы қағаздар" секторының "Облигациялар" санаты үшін белгіленген Листингтік талаптарға сай;
- 4) үш эмитенттің үш атаудағы облигациялары "Борыштық бағалы қағаздар" секторының "Коммерциялық облигациялар" санаты үшін белгіленген Листингтік талаптарға сай.

"Альтернативті" сауда-саттық алаңы:

- 1) 40 эмитенттің 43 атаудағы акциялары "Акциялар" секторы үшін белгіленген Листингтік талаптарға сай;

- 2) 15 эмитенттің 18 атаудағы акциялары "Борыштық бағалы қағаздар" секторының "Облигациялар" санаты үшін белгіленген Листингілік талаптарға сай.

"Аралас" сауда-саттық алаңы:

- 1) үш эмитенттің төрт атаудағы акциялары "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторы үшін белгіленген Листингілік талаптарға сай;
- 2) бір эмитенттің алты атаудағы облигациялары "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторы үшін белгіленген Листингілік талаптарға сай;
- 3) осы секторға 2017 жылдың 31 мамыры күнінің соңында Биржаның ресми тізімінде "Мемлекеттік бағалы қағаздар" секторында тұрған барлық бағалы қағаздар ауыстырылады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz